

## Жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды медициналық куәландыру ережесі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 3 маусымдағы N 435 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2379. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 6 маусымдағы № 394 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.06.06 № 394 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

"Азаматтық хал актілерін тіркеуді өзгерту, қалпына келтіру және күшін жою тәртібі, азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының үлгілері және осы кітаптарға тіркеу негізінде берілетін куәліктердің үлгілері туралы ережені және Қазақстан Республикасындағы азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 620 қаулысын іске асыру және жыныстық ұқсастыру мәселесі жөніндегі азаматтардың шағымдарын, өтініштер мен өтінімдерін шешу мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

#### 1. Қоса беріліп отырған:

1) Жыныстық ұқсастыру бұзылулары бар адамдарды медициналық куәландыру ережесі;

2) Жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды медициналық куәландыру кезінде қажетті талдамалар мен медициналық құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығының (бұдан әрі - Орталық) директоры:

1) Орталықтың жанынан жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды медициналық куәландыру жөніндегі арнайы комиссияны құрсын;

2) Орталықта жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды кешенді медициналық куәландырумен қамтамасыз етсін;

3) Азаматтық хал актілерін тіркеуге паспорттық (әлеуметтік) және/немесе биологиялық жынысын (хирургиялық түзету) ауыстыру және өзгерістер енгізу жөніндегі айғақтар мен қарсы айғақтарды әзірлесін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр С. Диқанбаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Д е н с а у л ы қ                      с а қ т а у                      м и н и с т р і н і ң  
" Ж ы н ы с т ы қ                      ұ қ с а с т ы р у                      б ұ з ы л у ы  
б а р                      а д а м д а р д ы                      м е д и ц и н а л ы қ  
к у ә л а н д ы р у                      е р е ж е с і                      т у р а л ы "

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      3                      м а у с ы м д а ғ ы

№                      4 3 5                      б ұ й р ы ғ ы м е н

б е к і т і л г е н

**Жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар  
адамдарды медициналық куәландыру  
ережесі**

1. Қаралушы адамда жыныстық ұқсастыру бұзылуының бар екендігін және жоқ екендігін анықтау психиатр-дәрігердің ерекше құзыреті болып табылады.

2. Жыныстық ұқсастыру бұзылуын анықтау үшін адамдарды медициналық куәландыру куәландырылуға жататын адамдардың тек жеке жазбаша өтініші бойынша Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығы жағдайындағы стационарда жүргізіледі.

3. Орталықта 30 күннің ішінде әрбір тексерілетін адамның психикалық, неврологиялық және соматикалық жай-күйіне зерттеу жүргізіледі.

4. Тексеру аяқталғаннан кейін жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адам оның денсаулық жағдайы туралы қорытындысы мен әлеуметтік (паспорттық) немесе биологиялық (хирургиялық түзету) ауыстыруына қатысты ұсынымын шығаратын Орталықтың арнайы комиссиясына ұсынылады.

5. Жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды медициналық куәландыру нәтижесі жөніндегі қорытынды және әлеуметтік (паспорттық) жынысын ауыстыру жөніндегі ұсынымдар осы адамның келісімі арқылы тұрақты мекені бойынша белгіленген үлгідегі бланкте (қоса беріледі) заң басқармасының азаматтық хал актілерін тіркеу бөліміне жіберіледі.

6. Жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды медициналық куәландыру нәтижесі жөніндегі қорытындыларды (анықтамаларды) тіркеу белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.

7. Жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды медициналық куәландыру нәтижесі жөніндегі қорытындыға (анықтамаға) қол қою құқығы Орталықтың директорына беріледі. Қолы Орталықтың елтаңбалық мөрмен бекітілуі тиіс.

8. Жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды медициналық куәландыру нәтижесі жөніндегі қорытынды (анықтама) мекеменің барлық, оның ішінде почталық деректемелерінен, сондай-ақ мәліметтерді жариялауға, жіберуге, қолға беруге тыйым салудан тұруы тиіс.

9. Жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды медициналық куәландыруды жүргізу және ол туралы мәліметтерді хабарлау кезінде қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алған жөн.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Д е н с а у л ы қ                      с а қ т а у                      м и н и с т р і н і ң  
" Ж ы н ы с т ы қ                      ұ қ с а с т ы р у                      б ұ з ы л у ы  
б а р                      а д а м д а р д ы                      м е д и ц и н а л ы қ  
к у ә л а н д ы р у                      е р е ж е с і                      т у р а л ы "  
2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      3                      м а у с ы м д а ғ ы  
N                      4 3 5                      б ұ й р ы ғ ы м е н  
б е к і т і л г е н

### **Жыныстық ұқсастыру бұзылуы бар адамдарды медициналық куәландыру кезінде қажетті талдамалар мен медициналық құжаттардың тізбесі**

1. Несеп пен қанның жалпы клиникалық талдауы.
2. Вассерман (ВР) реакциясына, АҚТҚ-жұқпасына қанның талдауы.
3. Қанның биохимиялық (бауыр сынамасы, белоктық фракция) талдауы.
4. 2-проекциядағы бас сүйегінің суреті.
5. 17-кетостероид, жалпы эстрогендер, тестостерон (Т), пролактин (ПРЛ), лютеиниондаушы гормон (ЛГ), фолликулостимулдағыш гормон (ФСГ).
6. Кариотипті, генетикалық жиынтықты белгілеу.
7. Сексапотолгтың қорытындысы.
8. Эндокринологтың қорытындысы.
9. Психологтың қорытындысы.
10. Сексапотолгтың, эндокринологтың, психологтың байқау мәліметтерін, басқа да объектілердің мәліметтерін көрсете отырып амбулаториялық науқастардың медициналық картасынан көшірме.
11. Психиатриялық мекеменің стационарлық науқасының медициналық картасынан көшірме.

Ескерту: қосымша зерттеулер мамандардың тағайындауы бойынша жасалады.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Д е н с а у л ы қ                      с а қ т а у                      м и н и с т р і н і ң  
" Ж ы н ы с т ы қ                      ұ қ с а с т ы р у                      б ұ з ы л у ы

бар адамдарды медициналық  
куәландыру ережесі туралы"  
2003 жылғы 3 маусымдағы  
N 435 бұйрығымен  
бекітілген

---

Республикалық психиатрия, психотерапия  
және наркология ғылыми-практикалық орталығы  
(почталық және өзге де реквизиттер)

Кімге \_\_\_\_\_  
(жолданған жері)

Анықтама  
\_\_\_\_\_ мекен-жайында тұратын  
\_\_\_\_\_ жылғы

---

( А . Т . Ә . т о л ы қ )

\_\_\_\_\_ деген азамат

Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология  
ғылыми-практикалық орталығында (РППН ҒПО) куәландырылды.

Қ о р ы т ы н д ы

---

---

---

---

Ұ с ы н ы м д а р

---

РППН ҒПО директоры  
мөр

қ о л ы